

**"Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 313-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 222 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 12 шілдеде № 13908 болып тіркелді.

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 313-Ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8918 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2014 жылғы 15 ақпандағы № 32 (28256) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесінде:

10-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) кеме билетінің немесе кеме куәлігінің нөмірі және күні.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Келісуден бас тартқан кезде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өтінім берушіге бас тарту себептері көрсетілген жауап жолдайды.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі келісуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) өтінім берушінің келісуді алу үшін ұсынған құжаттарының және/немесе оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) осы Ереженің 10-тармағымен белгіленген, өтінім берушінің және (немесе) келісуге қажет ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің талаптарына сәйкес келмеуі;

3) өтінім берушіге қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу талап етілетін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

4) өтінім берушіге қатысты өтінім берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуына негіз болған заңды күшіне енген сот шешімінің болуы.";

көрсетілген бұйрықтың 2-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2016 жылғы " "

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы " "

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 18 мамырдағы  
№ 222 бұйрығына қосымша

Уылдырық шашу кезеңінде балық  
аулауға тыйым салынған, сондай-ақ  
балық аулауға тыйым салынған су  
айдындарында және (немесе)  
учаскелерінде су көлігі қозғалысының  
ережесіне  
1-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

Мекенжайы \_\_\_\_\_

(индексі, қала, аудан, облыс,

\_\_\_\_\_

көше, үй №, телефон)

Өтініш берушінің деректемелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаны/дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта  
тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың №, бизнес  
сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған,  
сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және  
(немесе) учаскелерінде кеме қатынасы режимін келісу туралы  
өтініш**

Кеме иесінің атауы \_\_\_\_\_

Кеме жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын  
құжатта бар болса)

Кеменің атауы \_\_\_\_\_

Кеменің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Кеменің техникалық параметрлері (ұзындығы, ені, шөгугі):

Ұзындығы (метр) \_\_\_\_\_

Ені (метр) \_\_\_\_\_

Шөгугі (сантиметр) \_\_\_\_\_

Кемедегі есу қалақтарының айналу жылдамдығы (айналым/минут) \_\_\_\_\_

Кеменің типі \_\_\_\_\_

Кеменің маркасы \_\_\_\_\_

Қозғалтқыштың қуаты \_\_\_\_\_

Кеме қатынасының мақсаты \_\_\_\_\_

Қозғалыс мерзімі \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ дейін

Жүзу бағдары \_\_\_\_\_

Тұрақ орны \_\_\_\_\_

Кеме билетінің немесе кеме куәлігінің нөмірі және күні \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішті берген күн 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

---

өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы